



Автор: САДУОВ КАЛИЖАН КОШКИНБАЕВИЧ
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Көшпенділер мәдениеті
Тақырып: Көшпенділердің киім ерекшеліктері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.ӘТН2.Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану
Сабақтың мақсаты:	Мәтін бойынша әңгіме құрастырып жазады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын, болжамдарын тыңдалым/айтылым материалдарына сүйене отырып, сын тұрғысынан ойлау арқылы, креативті шығармашылық қабілеттерін пайдалана отырып, еркін жеткізе алады.
Күтілетін нәтиже:	Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет;
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (Экранпроектор)
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі
Бастапқы білім:	Көшпенділердің музыка өнері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Топтарға бөлу. Тірек сөздер бойынша топқа бөліну. Оқушыларға сөздер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларда бақыт,қуаныш,шаттық деген сөздер болу керек. Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді. Психологиялық ахуал қалыптастыру: Салем достым! (амандасады) -Сен қалайсың? (иықтарынан қағады) -Қайда болдың? (құлақтарынан тартады) -Мен сені сағындым! (қолдарын жүректеріне қояды) -Сен келдің! (қолдарын жаяды) -Жақсы болды!(құшақтайды)	http://bilimland.kz/kk
Сабақтың ортасы (15 минут)	Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Стикердегі диалог» әдісі (Топ мүшелері сұрақтардың жауабын стикерлерге жазып, қабырғадағы сұрақтар жазылған қағаздарға іледі. кейін пікірлерін қорғайды.) Қолдану Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Ортақ тапсырма: «Пікірлер» парағы әдісі «Көшпенділердің киім ерекшеліктері» деген тақырыпта ойтолғау жазу. 1-топ: бақыт Жауабын жазады. 2-топ: қуаныш Тексеріп, қосымша мәліметтер қосады. 3-топ: шаттық Ұсыныс жазады. Талдау «Брундық қозғалыс» Оқушылар сыныпты шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі. Бұл тәсілді қолданғанда оқушыларға партаға отыруға болмайтынын ескерту керек.	http://bilimland.kz/kk

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (12 минут)	Синтез . «Карточкадағы терминдер» әдісі Тапсырма: Сыныпты аралап жүріп, осы термиді өзге топтардағы оқушыларға түсіндіріп береді.	http://bilimland.kz/kk
Рефлексия (3 минут)	Бағалау парақшасы. Дұрыс жауапқа 5 балл. Оқушы тыңдалым материалын АКТ мүмкіндіктерін пайдаланып көреді.Рефлексия парағы . Сабақтағы жетістіктерім .Оның себептері. Сабақтағы жетістіктерім. Оның себептері .	http://bilimland.kz/kk